

Байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 29 мамырдағы № 157 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 164-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырган Байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдерді ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Халықаралық экономикалық ынтымақтастық департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

С. Жұманғарин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрінің
2025 жылғы 29 мамырдағы
№ 157 бұйрығымен
бекітілген

Байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдерді ұсыну қағидалары

1. Осы Байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 164-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдерді ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Орталық мемлекеттік органдар жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өтінімдерін ескере отырып, бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) қарауына:

1) байланысты грантты алушы туралы ақпаратты;

- 2) болжамды донор туралы ақпаратты;
- 3) грант сомасы туралы ақпаратты;
- 4) байланысты грантты іске асырудың әрбір жылына валютамен және теңгемен қаржыландыру көздерін (грант қаражатын және оны бірлесіп қаржыландыруды) бөліп көрсете отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша байланысты грантты қаржыландырудың жиынтық кестесін;
- 5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес мақсатын, жоспарланатын іс-шараларын, күтілетін нәтижелерін көрсете отырып, әрбір өтінімге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түсіндірме жазбаны (негізде);
- 6) орталық мемлекеттік органның байланысты грантты тартуға арналған өтінімінде оның құзыретіне кірмейтін іс-шара болған жағдайда тиісті мемлекеттік органның салалық қорытындысын қамтитын еркін нысандағы өтінімді ұсынады.

Егер байланысты грант жобасы республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру және донор қаражаты есебінен іске асырылатын болса, орталық уәкілетті органының тиісті салалық қорытындысы ұсынылады.

Егер байланысты грант жобасын іске асыру бірнеше салалық орталық мемлекеттік органдардың жауапкершілік саласын қозғаған жағдайда, бенефициар мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген салалық қорытынды ұсынады.

Ақпараттық жүйелерді құруға және дамытуға бағытталған немесе оларды көздейтін байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдерге ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның салалық қорытындысы қоса беріледі.

Салалық қорытындыны тиісті орталық мемлекеттік органдар береді, оған орталық мемлекеттік орган басшысының жетекшілік ететін орынбасары қол қояды.

Байланысты грант жобасы жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыру және донор қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органның тиісті салалық қорытындысы беріледі.

Жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыру және донор қаражаты есебінен іске асырылуы болжанатын байланысты грант жобасы бірнеше салалық жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілік саласын қозғаған жағдайда, бенефициар мүдделі жергілікті атқарушы органдармен келісілген салалық қорытындыны береді.

3. Орталық мемлекеттік органдар тиісті қаржы жылына бірнеше өтінім ұсынған жағдайда өтінімдер олардың басымдығы тәртібімен көрсетіледі.

4. Осы Қағидаларға сәйкес жасалған өтінімдерді орталық мемлекеттік органдар кезекті қаржы жылының алдындағы қаржы жылының 20 ақпанынан кешіктірмей уәкілетті органға жібереді.

5. Донор байланысты грантты тартуға арналған өтінімді мақұлдаған жағдайда, оны таррудың орындылығын тиісті бюджет комиссиялары айқындейды.

тартуға арналған өтінімдерді

ұсыну қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Байланысты грантты қаржыландырудың жиынтық кестесі

№	Байланысты грант	Донор	Атқарушы орган	І с к е асырылатын жылы	Грант каражаты (валюта/тенге)	
					Грант сомасы	Мемлекеттік бюджеттен қ о с а қаржыландыру
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
3						
4						
5						

Байланысты гранттарды

тартуға арналған өтінімдерді

ұсыну қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Түсіндірме жазба (негізdemе)

Мақсаты:

Жоспарланған іс-шаралар:

Мемлекеттік органдармен сәйкес күтілетін нәтижелер:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК